

қызметті қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасының салықтық бақылау жүйесі әлі де болса, жаңа инновациялық шешімдердің қабылдануын талап етеді. Салық салу барлық салық субъектілеріне тиімді болуы тиіс, әрі зияндылық әкелмеуі тиіс. Ол үшін салықтық реттеуді жетілдірудің маңызы зор. - Салықтық және кедендік саясат пен рәсімдерді оңтайландыру;

Қазақстан билігі коронавируспен байланысты құлдырау кезеңінде экономиканы қолдау үшін бірқатар салықтық жеңілдіктер мен бизнесті кредиттік қолдау шараларын енгізеді.

Мемлекет басшысының бизнесті қолдау және еңбек нарығындағы тұрақтылықты қамтамасыз етуге қатысты тапсырмасын орындау үшін шұғыл шаралар қоржыны әзірленуде, ол жеті негізгі бағытты қамтиды: қолжетімді қаржыландыру, кепілдіктер беру, салықтық ынталандыру, бизнесті тексеруді төмендету және жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету.

Орта және шағын бизнесті тексеру азаяды, мораторий қолданылады.

Бизнестің жекелеген санаттары үшін салықтық ынталандыру көзделеді. Бұл ірі сауда нысандары, кинотеатрлар, театрлар, көрмелер, спорт нысандары. Бұл категорияны заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер үшін мүлік салығынан бір жыл мерзімге босату, бір тоқсанға өсімпұл есептеуді тоқтата тұру және үшінші тоқсанға салық есептілігі мерзімін ауыстыру ұсынылады.

Сондай-ақ, билік ауыл шаруашылығы өндірушілерін ірі қара мал мен асыл тұқымды балапандарды қамтитын биологиялық активтер импортына ҚҚС-дан босатуға уәде берді. Және 7 мыңға жуық аграршылар ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге салық төлеуден босатылады[4].

Жеке кәсіпкерлер табысқа салынатын салықтардан босатылады.

Қорытындылай келе еліміздегі салықтық реттеудің жетістіктері біршама алдыңғы қатарлы елдерден кем емес екені анықталып отыр. Келесідей шаралардың жүзеге асырылуы: экспорттаушылар мен импорттаушылардың кедендік рәсімдерден өту кезінде "бірыңғай терезе" қағидатын енгізу; электрондық декларациялау жүйесін дамыту (тауарларды кедендік тазартудың автоматтандырылған жүйесін енгізу); экспорт пен импорт үшін құжаттар санын және оларды өңдеу уақытын қысқарту; кеден және салық жүйелерін интеграциялау; импортер тауарды Қазақстан аумағына әкелген сәттен бастап оны сатуға дейін салық салу мақсатында қадағаланатын болады; мүлікті және ақшаны жария ету рәсімдерін оңайлату; бірыңғай декларациялауды енгізу; салық декларацияларын қабылдау және өңдеу үшін орталықтар желісін құру, осының бәрі аз жетістік емес, алайда заман талабына сай одан әрі жетілдірудің нәтижелерін күтуге болады.

#### Әдебиеттер тізімі

1 Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс)»: - Алматы: ТОО «Изд-во Норма-К», 2020. 720с.

2 Дорошева Г.Д. Налоговый кодекс об индивидуальном подоходном налоге. // Файл бухгалтера, 2019 год.-22-26с.

3 Интернет көзі: [www.kgd.gov.kz](http://www.kgd.gov.kz)

4 Интернет көзі: [www.minfin.kz](http://www.minfin.kz)

#### Қазақстандағы салықтық әкімшіліктендіруді цифрландырудың негізгі бағыттары

Г.Р.Топшахова<sup>1</sup>, З.Ж. Амангельдинова<sup>2</sup>, С.С. Тәңірберген<sup>3</sup>, А.С. Исабекова<sup>4</sup>

<sup>1</sup>«Қаржы» кафедрасының аға оқытушысы, э.ғ.м.

<sup>2,3,4</sup>«Қаржы» мамандығы бойынша 3 курс студенттері

<sup>1</sup>Mr.Suyundykov@mail.ru, <sup>2</sup>amangeldinovaksu@mail.ru,

<sup>3</sup>tanirbergenova0101@mail.ru, <sup>4</sup>issabekovaass@mail.ru

<sup>1,2,3,4</sup>академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.

Түйіндеме: Берілген мақалада еліміздегі салықтық әкімшілендіру шеңберінде жасалған бірқатар бастамалар келтіріліп, олардың нәтижелері сарапталған. Бақылауды оңтайландыру шеңберінде, сондай-ақ салық тәртібін арттыруды ынталандыру мақсатында тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру жолындағы жетістіктер анықталған.

Кілт сөздер: виртуалды қойма, блокчейн технологиясы, электрондық шот-фактуралар, онлайн – БКМ, интеграцияланған дерекқор, көлденең мониторинг.

Халықаралық зерттеулерге сәйкес көлеңкелі экономиканың үлесін қысқартудың және бюджетке салықтық түсімдерді тиісінше ұлғайтудың пәрменді құралдарының бірі құжаттық және физикалық қадағалауды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелер кешені болып табылатын тауарларды қадағалаудың ұлттық жүйесін енгізу болып табылады.

Мемлекет басшысының «3.0 жаңғыртуды» Жолдауын іске асыру шеңберінде Қаржы министрлігінің алдына салықтардың жиналуын 2016 жылғы 15,2% – дан 2025 жылы 25% - ға дейін арттыру міндеті қойылды[1].

Салықтық әкімшілендіру шеңберінде бірқатар бастамалар іске асырылуда.

«Тауарларды таңбалау» жобасының бастамасы тұтынушының контрафактілік өнімдерінен және адал бәсекелестіктен қорғау үшін енгізілді.

Тері бұйымдарын таңбалау жөніндегі пилоттық жобаны енгізу жеңілдікті салық салуды қолдану үшін шектерді төмендететін салық төлеушілерді анықтауға және бюджетке салық түрінде түсімдердің өсуін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Құжаттық қадағалаудың негізі автокөлік құралдарын, қантты, тоңазытқыштарды, теледидарларды, шаңсорғыштарды, фотокамераларды, электрлік жылытқыштарды сататын салық төлеушілерге қатысты қолданылатын «ЭШФ» АЖ-ның «Виртуалды қойма» модулі болып табылады.

2020 жылы «Виртуалды қойма» модулін акцизделетін тауарлармен, ДСҰ-ға кіруге, ЕАЭО шеңберінде импортқа/экспортқа байланысты Алып қою тізбесінен тауарлармен толықтыру жоспарланып отыр.

2019 жылы «Электрондық шот-фактуралар» арнайы жобасында электрондық шарттар, тауарларға жүкқұжаттар және орындалған жұмыстар актілері іске асырылатын болады. Осылайша, бизнеске электрондық өзара іс-қимылдың жаңа деңгейіне көшуге мүмкіндік береді.

Онлайн бақылау-кассалық машиналарды (бұдан әрі – онлайн БКМ) қолдану импорттан немесе өндірістен бөлшек саудада өткізуге дейін тауарларды қадағалау жүйесіндегі соңғы буын болып табылады. Онлайн - БКМ сауда түсімінің мәліметтерін тіркейді және оларды мемлекеттік кіріс органдарының серверіне онлайн режимде береді.

Онлайн - БКМ қолдануды одан әрі дамыту отандық IT-саланың дамуын және смартфондағы қосымша болып табылатын мобильді онлайн-БКМ дамытуды ынталандырады. Осындай мобильдік қосымшалардың пайда болуының тағы бір оң аспектісі БКМ-ң құнын төмендетуге алып келді.

Үшінші тұлғалардың дерекқорын құрудың құқықтық негізін қамтамасыз ету мақсатында, Сауда қызметін реттеу туралы заң шеңберінде 2019 жылдың басынан бастап Салық кодексіне түзету қабылданды, ол коммуналдық қызметтер мен тасымалдаушыларға қолданылады.

Мемлекеттік органдардың дерекқорларымен ықпалдастыру мақсатында 2019 жылдан бастап «Интеграцияланған дерекқор» ақпараттық жүйесін (ИДҚ) әзірлеу басталды, ол Мемлекеттік кірістер комитеті жүйелерін және мемлекеттік және уәкілетті органдар жүйелерін интеграциялауды жүргізуге мүмкіндік береді. ЖТ МДҚ, ЗТ МДҚ, жер тіркелімі, жылжымайтын мүлік тіркелімі дерекқорларымен интеграциялау бойынша жұмыс жүргізілді.

«Жергілікті салықтар» кіші жүйесін енгізу шеңберінде қолда бар мәліметтер негізінде жеке тұлғалар үшін мүлік салығы мен жер салығының есебі жүргізілді.

Жергілікті салықтарды төлеу туралы СМС-хабарламалар сервисі іске қосылды.

Мемлекеттік емес дерекқорлармен, оның ішінде Екінші деңгейдегі банктермен интеграция жүргізілуде.

Мемлекет пен салық төлеуші арасындағы қатынастарды ырықтандыру шеңберінде сенім мен ашықтық қағидаттарына негізделген ірі салық төлеушілермен өзара іс – қимылдың жаңа түрін - «Көлденең мониторингті» кезең-кезеңмен іске асыру көзделеді.

Көлденең мониторингтің негізгі мақсаттары салықтық тексерулердің қорытындылары бойынша сот талқылауларының санын қысқарту, салықтық тәуекелдерге резервтер құруға арналған шығыстарды төмендету, сондай-ақ салық төлеушілер тарапынан да, Комитет тарапынан да салықтық тексерістерді сүйемелдеуге арналған шығындарды төмендету болып табылады.

Халықаралық тәжірибеге ұқсас «Көлденең мониторинг» пилоттық жобасы үшін бірінші кезекте экономиканың басым (мұнай-газ және тау-кен өндіру салалары) секторларынан салық төлеушілердің тізбесі белгіленді, өзара іс-қимыл туралы келісімдер жасалды.

Бақылауды оңтайландыру шеңберінде, сондай-ақ салық тәртібін арттыруды ынталандыру мақсатында тәуекелдерді басқару жүйесі түбегейлі қайта қаралуда.

Салық төлеушілердің әртүрлі санаттары үшін салықтық әкімшілендіруге сараланған тәсіл енгізіледі.

Жылдық жиынтық табыс мөлшері бойынша шегі 150 000 айлық есептік көрсеткішке дейін ұлғайтылды және аудиторлық ұйым салықтық тексеру жүргізген кезде бұзушылықтарға жол берген жағдайда лицензиядан айыру жөніндегі норма алынып тасталады.

2019 жылы тұрғын үй-жайларды жалға беруді, құрылыс-монтаждау жұмыстары бойынша қызметтерді; тренингтер мен семинарлар өткізуді; әлеуметтік желілер арқылы тауарларды сатуды және кәсіпорында жарғылық капитал үлесін сатуды қоса алғанда, әлеуметтік желілерден (инстаграмм, яндекс, фейсбук және басқалар) мәліметтерді пайдалана отырып, қашықтан мониторинг жүзеге асырылады.

Бизнес үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында салық декларацияларынан, сондай-ақ мемлекеттік кіріс органдарының басқа да көздерінен мәліметтерге тоғыспалы талдау жүргізу арқылы салықтық бақылау екпіндері камералдық бақылауға аударылды.

Қашықтықтан мониторингті дамыту және салықтық тексерістерді қысқарту факторы ретінде Салық кодексіне талдама мен ТБЖ-да пайдаланылатын деректерді кеңейтуге қатысты түзету енгізілді.

Іске асырылған шаралар жиынтығында бересі 5%-ға немесе 221 млрд.теңгеге төмендеді.

2018 жылы заң шығару қызметі шеңберінде экономиканың түрлі салаларының инвестициялық тартымдылығын арттыруға, бизнесті одан әрі дамытуға бағытталған салық заңнамасына нақты түзетулер енгізілді:

- «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңымен «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағының аумағында өндірілген және өткізілетін тауарларды өткізу бойынша айналымдарды ҚҚС босату бөлігінде Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 394 – бабы жаңа 44) тармақшамен толықтырылды.«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кинематография мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 3 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңымен ұлттық фильмдермен танылған фильмдерді көрсетуді жүзеге асыратын ұйымдар КТС мен ҚҚС-дан босатылды.Қабылданған шараларды ескере отырып, салық салу базасын кеңейту жөніндегі жұмыс жалғасатын болады. Көлеңкелі кірістерді азайтуға, қолма-қол ақшасыз операциялар көлемін ұлғайтуға, салықтық және кедендік әкімшілендіруді цифрландыру арқылы экономикалық қайтарымды күшейтуге негізгі басымдық жасалатын болады[2].

Шағын және орта бизнесті дамыту үшін неғұрлым қолайлы жағдайлар жасау және қолма-қол ақшасыз айналым үлесін ұлғайту мақсатында ҚҚС бойынша тіркеу есебіне қою жөніндегі шекті мән және қолма-қол ақшасыз төлемдер бойынша арнайы салық режимдерін қолдану үшін шекті кіріс ұлғайтылатын болады. Бұл экономиканың көлеңкелі секторын заңдастыруға, шағын және орта бизнесті қалыптастыруға және кеңейтуге бағытталған.

«Электрондық шот-фактуралар» бастамасы бойынша (ЭШФ). ЭШФ АЖ-де 2018 жылы электрондық шарттар, орындалған жұмыстар актілері іске асырылды, оның негізінде автоматты түрде ЭШФ бланкілерін толтыру мүмкін болды. Бұдан басқа, Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Электрондық астық қолхаттары» АЖ ЭШФ АЖ интеграциясы іске асырылды, ол ауыл шаруашылығы субсидияларын алудың негізділігін бақылауға мүмкіндік берді.

2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ЭШФ АЖ тіркелген қатысушылардың саны 280,9 мыңды құрады (жеке кәсіпкерлер – 108,4 мың, заңды тұлғалар – 172,5 мың), оған 162,6 млн.ЭШФ жазып берілген.

2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ЭШФ арнайы жобасы бойынша 94 043 ҚҚС төлеушіден 84 155 немесе 89,5% тіркелді.

2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап ЭШФ-ны барлық ҚҚС төлеушілер; ҚҚС төлеуші болып табылмайтын экспедиторлар; импортталған тауарларды өткізетін салық төлеушілер; ҚҚС төлеуші болып табылмайтын комиссиягерлер жазып беруге міндетті.2018 жылдың қараша айынан бастап темекі өнімдерін таңбалау бойынша пилоттық жоба іске қосылды.ЕАЭО-да тауарларды сәйкестендіру құралдарымен таңбалау туралы келісімді іске асыру үшін (2018 жылғы 2 ақпанда Алматы қаласында қол қойылды) 2018 жылғы 19 желтоқсанның бастап Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қарауында жатқан «Еуразиялық экономикалық одақтағы тауарларды сәйкестендіру құралдарымен таңбалау туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заң жобасы әзірленді.Қаржы министрлігімен 2018 жылғы 27 қарашадағы №1029 бұйрық бекітілген, оған сәйкес 2019 жылдың ішінде тоқсан сайынғы негізде онлайн-БКМ қолдануға

633 қызмет түрі ауыстырылады (2019 жылғы 1 сәуірден бастап - 323 қызмет түрі; 2019 жылғы 1 шілдеден бастап - 86; 2019 жылғы 1 қазаннан бастап - 224)[3].

"Ақылды келісім-шарттар" компоненті бар блокчейн технологиясы негізіндегі кейбір жобалар бизнеске тәжірибелік құндылық бере алады және болашағы зор. "Ақылды келісім-шарттар" - кейбір қоғамдастықтың жұмыс істеуіне арналған ережелер жиынтығы. Мұндай "цифрланған" ережелерді қолдану аясы кең. Эскроу пайдаланылатын кез келген операциялар, мысалы жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату, сақтандыру жағдайларын орындау, азық – түлік, алкоголь өнімдері мен дәрі-дәрмектерді қадағалау, сондай-ақ компаниялардың дербес деректерді пайдалануы - "ақылды келісім-шарттарды" пайдалана отырып іске асыруға арналған жобалар. Мәселен, Қазақстан Қаржы министрлігі «Blockchain» технологиясын қолдана отырып, ҚҚС-ты әкімшіліктендіруді іске асыруды бастады. Бұл үдерісті автоматтандыру ақша қаражаты қозғалысының ашықтығын арттыруға мүмкіндік береді, және нәтижесі ретінде салық төлеушілер ҚҚС-ты жылдам және кепілді қайтарып алуды жүргізетін болады.

Жаңалықтың мәні-салық төлеушілердің қаржылық транзакцияларының тізбегін лезде қадағалауға және оларға ҚҚС кепілді қайтаруды жүргізуге мүмкіндік беретін орталықсыздандырылған деректер базасын қалыптастыру.

«Blockchain технологиясын қолданумен ҚҚС әкімшілендіру» бастамасы бойынша, ҚҚС төлеушінің 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап ерікті негізде ҚҚС сомалары бойынша ақша қозғалысын бөлек есепке алу үшін пайдаланылатын жеке банктік шот - ҚҚС бақылау шотын ашуға қатысты нормалар заң жүзінде қабылданды.

«ҚҚС-Blockchain» арнайы жобасының тәжірибелік пайдалану режимінде «Ұлттық ақпарат технология» АҚ-да өнімді серверлерде іске қосылды. Ерікті түрде 10 салық төлеуші екінші деңгейдегі 4 банкте («Қазақстан Халық банкі» АҚ, «Еуразиялық Банк» АҚ, «Fortebank» АҚ) ҚҚС бойынша бақылау шоттарын ашты, қалған ЕДБ жүйелердің дайын болуына қарай олардың жағында қосылатын болады.

Жалпы жобаның мәні - салық төлеушілердің қаржылық транзакцияларының тізбегін лезде қадағалауға және оларға ҚҚС кепілді қайтаруды жүргізуге мүмкіндік беретін орталықсыздандырылған деректер базасын қалыптастыру[4].

Қорытындалай келе, салықтық әкімшіліктендіру механизмін жетілдіру барысында шетел тәжірибиелерін, олардың қызмет ету ерекшеліктерін ескеру қажет екені баршамызға аян. Салықтық әкімшіліктендірудің мемлекеттік бюджеттің және елдің экономикалық тұрақтылығына әсер ететін ықпалы мол деп есептейміз.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1 Жакенова Г.И., Ишкинина Г.Ш., Морозова О.В. Этапы становления системы налогового администрирования в Республике Казахстан. - Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2018. – № 3. – С. 121-125;

2 URL: <https://applied-research.ru/ru/article/view?id=12161> (дата обращения: 20.09.2020).

3 <https://qazaqtimes.com/article/4985>

4 Интернет көзі: [www.kgd.gov.kz](http://www.kgd.gov.kz)

#### **Қазақстандағы банктік кредиттік технологиялардың мәселелері және оларды шешу жолдары**

Г.Р. Топшахова, А.Ж. Маулен, С.Б. Берикова

<sup>1</sup>«Қаржы» кафедрасының аға оқытушысы, э.ғ.м.

<sup>2</sup>«Қаржы» мамандығы бойынша 4 және 1 курс студенттері

<sup>1</sup>Mr.Suyundykov@mail.ru, <sup>2</sup>Aida.maulen.99@mail.ru,

<sup>1,2</sup>академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.

Түйіндеме: Берілген мақалада кредиттік технологиялардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету банк пен клиент арасында сенімді қарым-қатынас жасаудың даусыз шарты болып табылатындығы анықталып, кредиттік технологиялардың мәселелері және оларды шешу жолдары келтірілген.

Кілт сөздер: банктік операциялар, несиелік технологиялар, несиелік алаяқтық, пластикалық карталар, скиммер, блокчейн технологиясы.